

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ



5B050600 – Экономика мамандығының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының деңгейі: Бакалавриат

Дайындау бағыты: Экономика және бизнес

Берілетін дәреже: Экономика мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры

Шымкент, 2016ж.

«5B050600 – Экономика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің МЖМС негізінде, 23.08.2012 жылғы № 1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілді), 20.04.2011 жылғы №152 ҚР БҒМ «Оқу үрдісін ұйымдастыруда кредиттік технологияны оқытудың Ережелерін» бекіту туралы (ҚР БҒМ 2014 жылғы 02 маусымдағы №198 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығымен, 16.08.2013 жылғы ҚР БҒМ № 343 (ҚР БҒМ 2016 жылғы 5 шілдедегі №425 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығына сәйкес жасалынған «5B050600 - Экономика» мамандығының типтік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған.

Құрастырушылар: 1. э.ғ.к., доцент Куланова Д.А.
2. э.ғ.к., доцент Абдикеримова Г.И.
3. аға оқытушы Кембаева Р.С.

«Экономика және есеп» кафедрасының мәжілісінде (2016 жылдың _____
№ ____ хаттама) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі

Куланова Д.А.

Экономика факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың _____ №
____ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы

Абдикеримова Г.И.

Шымкент университетінің оқу- әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың _____
№ ____ хаттама) бекітілді.

ОӘК төрайымы

Козбагарова Б.С.

МАЗМҰНЫ

1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	5
1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	5
1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы	6
1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны	6
1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі Студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген	6
1.2.3. Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары	6
1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы	6
1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы	6
1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі	6
1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері	6
1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы	6
1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары	7
1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны	8
2. Оқытудан күтілетін нәтижелер	8
3. 5B050600 – Экономика мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындала- тын құзыреттіліктер	8
3.1 Шешуші құзыреттіліктер	8
3.1.1. Жалпы білімділікке қойылатын талаптар	8
3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар	8
3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар.....	9
3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар	9
3.2 Кәсіби құзыреттіліктер	9
3.2.1 А - білуі және түсінуі тиіс	9
3.2.2 В - білім мен түсінгенін қолдануы	10
3.2.3 С- пікір айтуды қалыптастыру	10
3.2.4 Д - Даралық коммуникативтік мүмкіндіктер	10
3.2.5 Е - оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік	11
4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты	11
4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі	11
4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау	11
4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау	12
4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі	12
4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау	13
5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар	13
5.1 Міндетті пәндер каталогы	13
5.2 Элективті пәндер каталогы	13
5.3 Практика бойынша бағдарламалар	13
5.4 Мамандықтың үлгілік оқу жоспары	13
5.5 Студенттің жеке оқу жоспары	14

5.6 Жұмыс оқу жоспары	14
5.7 Академиялық календарь	14
5.8 Білім беру бағдарламасының мазмұны	14
5.9 Жиынтық кесте	14
5.10 Формуляр	14
5.11 Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы	14
5.12 Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер ..	14
6. Білім беру бағдарламасын қолдау	
6.1 Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)	14
6.2 Материалды ресурстар (Материалды-техникалық база туралы)	15
6.3 Білім беру ресурстар (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)	15
7. 5B050600 – Экономика мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы	15
8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау	16

1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Университет миссиясы: Қазақстанның оңтүстік аймағының еңбек нарығы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқытудың инновациялық технологияларын пайдалануға негізделген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, ұйымдастыру, экономикалық, жоспарлы-қаржылық, маркетингтік, ақпаратты-аналитикалық, жобалық-зерттеу, диагностикалық, инновациялық, әдістемелік, кеңес беру, білім беру қызметінде, басқаруда мамандандырылған шешімдер қабылдау және шешуге құзыретті, экономика және бизнес саласында жұмыс істейтін қабілетті бакалаврларды дайындауға бағытталған оқытуды енгізу.

Экономиканың инновациялық дамуықандай болмасын барлық салаларда, кәсіпорындардың қызметіне білікті қызметкерлердің қатысуын талап етеді.

Қазіргі заманғы бизнес-процестер, экономика саласындағы қабылданған шешімдердің сапасына және ақпараттар көлемі мен сапасының қарқынды өсуіне жоғары талаптар қояды.

Нарықтық қарым-қатынастар жағдайында қызметкерлер қызметінде табысқа жету үшін, ең алдымен ақпараттық ортада құрылымды толықтай білуі қажет, экономикалық даму процесіне сауатты түрде талдау жасау, олардың оң және теріс салдарын мүмкіндігінше дұрыс бағалауы, кәсіпорынды дамытуға экономикалық болжам жасай білуі керек.

Осы бағдарламаның мақсаттары төмендегілерді іске асыру болып табылады:

- нақты ұйымда басқару технологиясын жасау, енгізу және қолдану, ұйымдастырушылық-технологиялық басқару сферасы қызметіне бітірушілерді дайындау;

- басқару процесіне байланысты өндірістік-басқару қызметіне бітірушілерді дайындау, оның ішінде: өндірісті басқару жүйесін тиімді құру, барлық өндірістік қызмет спектрінде бақылауды жүзеге асыру, тиімді басқару шешімін таңдау;

- студенттердің жалпы мәдени құзыреттерін дамыту, оның ішінде: студенттерге кәсіби қызмет саласында қызмет ету үшін қажетті тұлғалық қасиеттерін үйрету; кең мәдени дүниетаным, белсенді азаматтық ұстаным, коммуникативті дағдыларды, ұйымдастырушылық және басқару шешімдерін пайымдауды және шешім қабылдауды, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды білу, өзін-өзі дамыту және этикалық құндылықтар мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- экономика және бизнес саласындағы зерттеулер мен кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін бітірушілердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

- кәсіби қызмет сферасында керекті міндеттерді шешу үшін студенттің жеке басын тәрбиелеу.

5B050600- Экономика мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалаврын даярлау үшін модульдік білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- экономика және бизнес саласында толық, жоғары сапалы білім, кәсіби құзыреттіліктерді игеру;

- дамудың жалпы интеллектуалдық жоғары деңгейін, сауаттылығы мен сөйлеу шеберлігін дамыту, гуманитарлық мәдениетті, жоғары адами, этикалық және құқықтық нормаларды, еңбекті ғылыми ұйымдастыру, ойлау мәдениеті мен дағдыларын игеру;

- шығармашылық, бастамашылдық пен жаңашылдықты дамыту;

- еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін, мамандығы бойынша мүмкіндігінше тез жұмыспен қамту мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- білім алушылардың жеке білім беру бағдарламаларын таңдауын;

- кәсіпорындар мен мекемелер үшін мақсатты даярлауды қамтамасыз ету;

- ғылымдар қиылысында негізгі курстар әзірлеу, халықаралық деңгейде олардың кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз ету;
- студенттердің таңдаған жолында теориялық, тәжірибелік және жеке оқытуды тереңдету;
- білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту, жаңа білімді игеру, өзіндік шығармашылық шеберлік дағдыларын дамыту;
- кәсіби мәдениеті жоғары деңгейдегі мамандарды дайындау, оның ішінде азаматтық ұстанымы, кәсіптік қарым-қатынас мәдениеті бар, қазіргі заманғы ғылыми және практикалық жағдайларды шеше алатын және қалыптастыруға қабілетті, ғылыми-зерттеулерді сәтті жүзеге асыра алатын мамандар даярлау болып табылады.

1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны

5B050600 – Экономика мамандығы сол саладағы кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы тиіс болғандықтан экономика және бизнес тобына жатады.

1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген.

5B050600 – Экономика мамандығы бойынша бітірген түлекке «Экономика мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры» дәрежесі беріледі.

Білім беру бағдарламасы ұйымдық-басқару, өндірістік-технологиялық, жобалық, коммерциялық, ғылыми-зерттеу, білім беру(педагогикалық) қызметтерді орындауға қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарына сай оқытуға құзыретті үлгіге негізделген. Бұл үлгі бітірушілердің басты құзыреттіліктерінің сипаттамасы, нақты кәсіби функцияларды орындау дайындығының деңгейін көрсетеді.

1.2.3 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары

Бітірушіні жұмыспен қамту үшін мүмкіндіктер мол. Кәсіби қызмет саласы бойынша мемлекеттік органдар, қызмет түрімен айналысатын барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар, мекемелер, нарықтық инфрақұрылым буынындағы экономиканы мемлекеттік реттеуді іске асыратын басқару органдары және ғылыми-зерттеу мекемелері және т.б. болып табылады:

Түлектер кәсіпкерлер ретінде әрекет жасап, өз бизнесін құруына және дамытуына болады.

1.3 Кәсіби қызмет сипаттамасы

1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы

5B050600 «Экономика» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалаврының кәсіби қызмет секторы экономиканың нақты және қаржылық секторлары, экономиканы мемлекеттік басқару, білім беру аясы болып табылады.

1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі

«5B050600-Экономика» мамандығы бойынша бітірушілердің кәсіби қызметінің объектілері болып республикалық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар, меншік нысандары, қызмет түрі, қатысушыларының санаттары (ҚР резидент және резидент емес) әр түрлі қызметтегі экономикалық, қаржылық, маркетингтік, өндірістік-экономикалық және сараптамалық ұйымдар мен кәсіпорындар; ғылыми-зерттеу институттары, бастапқы кәсіптік, орта кәсіптік, жоғары кәсіптік білім беру мекемелері.

1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері

«5B050600-Экономика» мамандығы бойынша бакалаврлар кәсіптік қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

- Аналитикалық;
- Ұйымдастырушылық-технологиялық;
- Өндірістік-басқарушылық;
- Жобалау;
- Ғылыми-зерттеу;
- Білім беру (педагогикалық).

1.3.4 Кәсіби қызмет функциялары

«5B050600-Экономика» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалаврының кәсіби қызмет функциялары мыналар болып табылады:

- Ұлттық экономика салаларын дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жасауға қатысу;
- Кәсіпорынды басқару қызметі бойынша ұйымдастыру, жоспарлау және үйлестіру қызметі және оның нарықтық стратегиясын қалыптастыру;
- Барлық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жасау, соның ішінде жоспарлау, болжау, шығындарды және материалдық-техникалық қамсыздандыруды, логистика, өткізуді басқару;
- Кәсіпорынның өндірістік бағдарламаларын, жобаларын, стратегиясын жүзеге асуын қамтамасыз ету;
- Шаруашылық жүргізуші субъектілердің сыртқы экономикалық қызметін жоспарлау және жүзеге асыру;
- Жұмыс күшін ұстауға кететін шығындарын жоспарлау, еңбекті ұйымдастыру және нормалау бойынша аналитикалық есепті жүргізу, жалақыны есептеу әдістемесін жетілдіру және еңбек ақы қорын бөлу;
- Жобалық, жоба алдындағы құжаттаманы және оның халықаралық стандарттарға сәйкестігін саралау бойынша жұмыстарды жоспарлауды және жүзеге асыруды басқару;
- Шаруашылық жүргізуші субъектілердің есеп беруіндегі қаржылық, бухгалтерлік және басқа да ақпараттарды экономикалық талдауды іске асыру және алған мәліметтерді басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдалану;
- Негізгі құралдар, запастарды басқару, шығындарды басқару бойынша типтік әдістер мен қолданыстағы нормативтік-құқықтық базалар негізінде аналитикалық есептеулер жүргізу, кәсіпорынның экономикалық тиімділігін анықтау;
- Материалдық және материалдық емес өндіріс сферасына инновацияларды экономикалық негіздеу және енгізу;
- Экономикалық-ұйымдастырушылық және басқару қызметінің барлық түрлеріне бақылау жасау;
- Табиғатты ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау нормативтері мен стандарттарын сақтауға бақылау жүргізу.

1.3.5 Кәсіби қызметтің типтік тапсырмалары

«5B050600-Экономика» мамандығы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламаларының негізгі міндеттері:

- Экономика, өндірісті ұйымдастыру және басқару, табиғатты қорғау қызметі саласында толық, сапалы білім алуы;
- Дамудың жалпы интеллектуалдық жоғары деңгейі қалыптастыру, сауатты және дамыған сөз байлығын, гуманитарлық мәдениетті, жоғары адами, этикалық және құқық мөлшерлерін, ойлау мәдениетін және еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын игеруді;
- Шығармашылық әлеует, бастамалық және жаңашылдықты дамытуды;
- Студенттердің көп сатылы білім деңгейлерінің келесі сатысында білім алуын жалғастыруды;

- Бакалаврдың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

1.3.6 Кәсіби қызметтің мазмұны

«5B050600-Экономика» мамандығы бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің мазмұны:

- нақты ұйымдарда басқару технологияларын жасау және қолдану;
- Жоспарлау, персонал, инвестициялық, инновациялық және экологиялық менеджменті процедураларын жасау;
- ұйымдар мен кәсіпорындарда сыртқы экономикалық қызмет жүргізу;
- басқарудың ғылыми әдістемелік және ұйымдастыру-технологиялық базасын құруға қатынасу;
- табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың ұтымды іс шараларын жасау;
- өндірісті ұйымдастыру, технологиялық үрдісті қажет ететін ресурстармен қамтамасыз ету;
- Басқару шешімдерінің тиімділігіне таладу жасау, өндірістік және басқару қызметінің барлық спектрі бойынша контроллингті іске асыру.

2. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Оқыту нәтижесі Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде, сондай-ақ жеке пән модулінің деңгейінде сипатталады.

Бірінші деңгейдегі дескрипторлар:

- 1) зерттеп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, осы сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- 2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саладағы проблемаларды шешу;
- 4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;
- 5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді.

Экономика мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалаврының жалпы құзыреттілігі *шешуші* (әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқару, өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің

3. 5B050600 - Экономика мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер:

3.1 Шешуші құзыреттіліктер

3.1.1 Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:

1) ойлау мәдениеті мен кең көзқарасы қалыптасқан жоғары білімді тұлға қалыптастыруға негіз болатын жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық пәндер бойынша базалық білім **меңгеру**;

2) кәсіби қызметі аясында ақпараттық технологияларды қолдана білу, қазіргі техникамен жұмыс жасай алу **дағдысының болуы**;

3) магистратурада білімін жалғастыруға және күнделікті кәсіби қызметіне қажетті жаңа білімді меңгеру **дағдысының болуы**.

3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар:

1) мінез – құлық пен кәсіби этиканың жалпыадамзат нормаларын пайдалану;

- 2) адамгершілік қағидаттарын мен этикалық мінез-құлықтарың мәдениеттің жоғары деңгейі;
- 3) экологиялық мәдениеттік болу;
- 4) индивидум мен социумның өзара байланысын қажет ететін қоғамның тұрмыстық объективті заңдарын білу;
- 5) салауатты өмірді насихаттау;
- 6) әдет-ғұрып, салт-дәстүрге, қоғамдық пікірге, мәдениетке негізделген этикалық құндылықтары оны ұжымда жұмыс істей білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, жаңа шешімдер ұсынуға, өз пікірін ұжымның пікірімен сәйкестендіруге, ұжымдық шешімге бағындыруға бағытталуы тиіс;
- 7) еңбек нарығында жоғары талаптар қазіргі кезеңнің мамандарын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін көре білуге, өндірілетін өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы, қоршаған ортаны қорғау сияқты мәселелерге назар аударуға;
- 8) ұжымның мүдделеріне қайшы келмейтін жеке шамшылдық, жеке және кәсіптік сапа қасиеттерін көрсете білу тиіс.

3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар:

- 1) экономикалық білім негіздерін **меңгеру**, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.с.с. жөнінде ғылыми түсінігінің **болуы**;
- 2) экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін **білу және түсіну**.
- 3) оқыту мен тәрбиелеу үдерісін құруды **жүзеге асыру**;
- 4) заманауи технологияларын **пайдалану**;
- 5) ел экономикасын мониторингін үйренуді **жасау**;
- 6) рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және оқушылардың денсаулығын сақтайтын тәрбиені **ұйымдастыру және өткізу керек**;
- 7) арналған сабақтарды **ұйымдастыру және өткізу**;
- 8) еркін кәсіпкерлік қызмет жағдайында басқару, талдау және экономикалық жұмыстарды жүргізу және шешім қабылдау үшін берілген білімдерді **қолдануды білуі** керек.

3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар:

- 1) заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы серпінді түрде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;
- 2) кәсіптік қызметке байланысты түрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу;
- 3) белгісіздіктер мен қауіп-қатер жағдайында экономикалық және ұйымдастыру сипатында шешімдер қабылдау дағдыларының болуы.

3.2 Кәсіби құзыреттіліктер:

3.2.1 А – білу және түсіну:

А1 – тарихи үрдістердің заңдылықтары мен кезеңдерін, әлемдік және отандық экономикалық тарихындағы негізгі оқиғаларды, өнеркәсіптік саясатта болып жатқан реформалар «Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясына» сәйкес іске асырылуы туралы;

А2 – экономика мен өндірісті басқару саласындағы негізгі құбылыстардың мәнінен туындаған проблемаларды терең түсіну керек, соның ішінде қоршаған орта жағдайын, экономиканы толығымен және кәсіпорынды басқарудың шетелдік тәжірибесін білу;

А3 – табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын, негізгі философиялық түсінігі мен категорияларын;

А4 – экономика, оның салаларының және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызмет етуіне қатысты кәсіптік қызмет сферасын реттейтін негізгі нормативті-құқықтық

құжаттарды;

A5 – экономикалық есептерді шығару үшін математикалық талдау, ықтималдылық теориясын, статистика негіздерін;

A6 – экономикалық теорияның негізгі түсініктерін, категорияларын, құралдарын;

A7 – экономиканы мемлекеттік реттеу әдістерін, мемлекеттің экономикалық саясатының бағыттарын;

A8 – ақпараттық технология негіздерін, қазіргі кездегі ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу әдістерін;

A9 – қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық аспектілерін;

A10 – макродеңгейде, кәсіпорынның қызмет етуінің экономикалық механизмін экономикалық дамытудың теориялық негіздері мен заңдылығын;

A11 – бухгалтерлік есеп және аудит, қаржылық менеджмент, персоналды басқару, халықаралық экономикалық қатынастар негіздерін білу керек.

3.2.2 В - білім мен түсініктерді қолдану:

B1 – экономикалық категорияларды түсіндіру;

B2 – өзіндік кәсіби және әлеуметтік қызметтер;

B3 – шаруашылық субъектілердің қызметінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері және макроэкономикалық көрсеткіштерінің типтік әдіс есебі негізінде нормативті-құқықтық базадағы есепке алуды жүргізу;

B4 – әр түрлі меншік формасындағы кәсіпорындардың, ұйымдар, ведомстволардың экономикалық бөлімдерінің жоспарын талдау;

B5 – ұйымды басқару және кәсіпорынның экономикалық қызметінің шешімдерін шешу;

B6 – күтілетін нәтижелерді бағалау және олардың шешімін талдау, нақты жағдайларды талдау жасауды жүргізу, экономикалық сипаттағы проблемаларды табу;

B7 - нарықтық конъюктураларды зерттеу жүргізу;

B8 – экономика аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

B9 – нақты жобадағы бизнес жоспарды талдау жасау (кәсіпорынды құру және қайта ұйымдастыру, қызмет түрлеріне және жаңа өнімді өндіріске енгізу);

B10 – заманауи бағдарламалық өнімдердің көмегімен компьютерде жұмыс жасау;

B11 – экономикалық және әлеуметтік сипатта ғылыми зерттеу жүргізу;

B12 – жоғары оқу орнына дейінгі мекемелерде оқу сабақтарын жүргізу

3.2.2 С – ой-пікір қалыптастыру:

C1 – кәсіби қызмет шешімдері бойынша есеп беру, шолу жасау, ақпараттарды қамту және жүйелендіру, ақпараттарға талдау жүргізу;

C2 – экономикалық ғылымның дамуындағы үрдістерді және қабылданған заңнамалар бойынша, мейлінше тиімдірек оңтайлы өмір сүруді мүмкіндіктерін бағалау жүргізу;

C3 – әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерің, олардың себеп-салдары және тәуекелі, әлеуметтік экономикалық тиімділікті жетілдіру бойынша ұсыныстарды талдау және негіздеу, басқару шешімдерінің варианттарын сыни түрде бағалауын жүргізу;

C4 – кәсіби қызмет сферасындағы объектілердің даму үрдістерін, экономикалық агенттердің жағдайын жан-жақты сынай бағалауды жүзеге асыру;

C5 – стратегияларды өңдеу және кәсіпорын құнының басқаруын жүзеге асыру және олардың жеке активтерінің бизнес құнын бағалауды жүргізу;

C6 – кәсіпорынның өндірістік-экономикалық әлеуетіне диагностика жүргізу;

3.2.3 D – коммуникативтік қабілеттер:

D1 – берілетін ақпараттардың мағынасын жоғалтпай, тиімді коммуникациялар арқылы тізіп отыру;

D2 – дұрыс қисынды, нақты және жазбаша, дәлелді сөз айту;

D3 – мәдениетті сөйлей білу, ойлау, ақпаратты жинақтау, талдау, мақсаттары мен оған қол жеткізу жолдарын таңдай алу;

Д4 – кәсіби халықаралық іскерлік қарым-қатынаста қолданыстағы мамандандырылған терминология шеңберінде қарым-қатынас құралы ретінде мемлекеттік, орыс және шет тілдерін білу;

Д5 – мәдениетті жоғары деңгейде білу;

Д6 – талқылау барысында өз ұстанымын дәлелдеу қабілеті;

Д7 – кәсіби міндеттерін орындау үшін қазіргі заманғы технологиялар мен ақпарат және коммуникациялық технологияларды пайдалана білу;

Д8 – ұжымда жұмыс істей білу, нақты экономикалық жобаларды іске асыру үшін құрылған шағын топтың, әріптестерінің қызметін ұйымдастыру қабілеті мен ынтымақтастық дайындығы.

3.2.5 Е – оқу дағдылары және оқуға қабілеттілік:

Е1 – одан әрі оқу үшін қажетті материалдарды зерттеу;

Е2 – ғылыми зерттеу нәтижелерін өңдеу және бағалау жұмыстары;

Е3 – үйрену қабілеті, жаңа білім мен дағдыларды, математикалық, қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар алуға және өзінің кәсіби қызметінде оларды пайдалануға қабілеттілігі;

Е4 – жаңа экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайларға бейімделе білу қабілеттілігі;

Е5 – кәсіпорынды дамыту жолдары мен тәсілдерін анықтау үшін олардың күшті және әлсіз жақтарын сынай бағалау қабілеттілігі;

Е6 – болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығы туралы хабардар болуға қабілетті, кәсіби қызметті жүзеге асыруға жоғары ынталы болуы;

Е7 – нақты кәсіпорынның қызметін зерттеу барысында білімді жүйелеу, ұзарту, тереңдетуге талпыну;

Е8 – біліктілікті арттыру және кәсіби шеберлікті өзін – өзі дамытуға талпыну.

4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты

4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі

Білім беру бағдарламасына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қаңтардағы № 111 қаулысымен бекітілген (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 487, 2012 жылғы 30 маусымда № 896 қаулыларымен өзгерістер енгізілген) «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасына түсуге тілек білдерген талапкерлер үшін бейінді пән - география пәні болып табылады.

Шымкент университетінің «экономика» мамандығына түсуге тілек білдерген талапкерлер ҰБТ-дан КТ-дан 50 баллдан кем емес жинау керек.

2, 3 курста академиялық білім беру бағдарламасы бойынша тілек білдірген білім алушылардың оқу жоспарларында пән айырмасы белгіленген міндетті компоненттен аспауы тиіс.

4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» бұйрығына (2010 жылы бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Модульдерді оқыту барысында оқыту нәтижелерін анықтау түрлі нысанда жүргізіледі:

- *ауызша сұрақ-жауап* – пәннің бір немесе бірнеше тақырыбы бойынша оқылған материалдарды өткен соң сұраққа жауап айту және ситуацияны талқылау түрінде жүргізілетін бақылау;

- *жазбаша бақылау* – пәннің әр тақырыбы бойынша практикалық тапсырмаларды орындау, ситуацияларды талдау, шешім қабылдау, қойылған сұрақтар бойынша жұмыс жүргізілетін бақылау;

- *аралас (комбинированный) сұрақ-жауап* – бір немесе бірнеше тақырып бойынша білімді бағалауда ауызша және жазбаша нысандарын бір мезгілде қолдануды қарастыратын бақылау;

- *үй тапсырмасын презентациялау және қорғау* – алынған білімді жеке және топтық үй тапсырмаларының дұрыс орындалғандығын тексеру мақсатында өткен материалдарды игеру мүмкіндігі және оны жарияға ұсыну, пән тақырыптарының арасындағы логикалық байланысын байқау;

- *лабораториялық жұмыстарды қорғау* – техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, лабораториялық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

- *тесттер* – білім алушылардың оқу жетістіктерін сапалылық және объективті тұрғыдан бағалауды іске асыратын белгілі нысандардағы тапсырмалар жиынтығы;

- *бақылау жұмыстары* – теориялық материалдарды бақылау;

- *практикалық жұмыстар* - техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, практикалық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» (бұл бұйрыққа 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Семестрдің соңында әр пән бойынша ауызша, жазбаша немесе тест түрінде емтихан тапсырады.

Жазбаша емтиханның (тест бойынша және билет бойынша жазбаша өткізілетін) кешенді емтиханның жалпы уақыты 3 сағаттан аспауы керек;

Тесттік тапсырмаларға белгіленген уақыт әрбір тапсырмаға 1-2 минут көлемімен есептелініп алынады.

Пән бойынша қорытынды бақылау ағымдық, аралық қорытынды бақылау бағаларын есепке алады. Бағалау 100 баллдық жүйемен жүргізіледі.

8 семестрде білім беру бағдарламасынан игерілген білім бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады және (немесе) дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды. Дипломдық жұмыс (жоба) мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында жария түрде қорғалады.

4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін белгіленген 168 ҚР кредиттері және 250 ECTS кредиттерді жинау керек.

Бір оқу жылында 36-48 ҚР кредиттері, 60-65 ECTS академиялық кредиттері есептелген.

Бір семестрде студенттер 18-22 ҚР кредиттері, 29-33 ECTS академиялық кредиттері игеруі тиіс.

Студент белгіленген модуль (пән, пәннің бөлімі, және пәнаралық блок, т.б.) бойынша қорытынды бақылаудан оң баға алған кезде ғана кредиттер игерілді деп есептеледі.

Кредиттер саны алған бағаға байланысты емес, баға міндетті түрде оң баға болуы тиіс.

Баға бағалау кестесіне сәйкес А мен D арасында болса, кредиттер есептеледі.

Егер студент модульді игере алмаса, жалпы кредит саны есептелмейді.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бағалау жүйесі (кесте 1).

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздықма змұны	Балл	ECTS бойынша бағалау
Өтежақсы	A	4,0	95-100	95-100	A (өте жақсы)
	A-	3,67	90-94	90-94	
Жақсы	B+	3,33	85-89	85-89	B (өте жақсы)
	B	3,0	80-84	80-84	
	B-	2,67	75-79	75-79	
Қанағаттанарлық	C+	2,33	70-74	70-74	C (жақсы)
	C	2,0	65-69	65-69	
	C-	1,67	60-64	60-64	D (қанағаттанарлық)
	D+	1,33	55-59	55-59	
	D	1,0	50-54	50-54	
Қанағаттанарлықсыз	F	0	0-49	0-49	F(FX) (қанағаттанарлықсыз)

4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау.

Жоғары білім беру бағдарламасының талаптарын орындап, мемлекеттік қорытынды аттестациядан сәтті өткен тұлғаларға 5B050600 - «Экономика» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

Экономика және бизнес бакалавры барлық меншік нысанындағы мекемелер мен ұйымдарда, ғылыми-зерттеу орталықтарында, жергілікті атқарушы органдарда жұмыс істей алады. Экономика мамандығын бітірушілердің жұмысқа орналасу динамикасы жылдан жылға артып келеді.

5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар

5.1 Міндетті пәндер каталогы

Міндетті пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және үлгілік оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша білім алушылардың жеке дайындығын айқындайтын міндетті компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 1.**

5.2 Элективті пәндер каталогы

Элективтік пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің қажеттіліктерін есепке алатын таңдау компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 2.**

5.3 *Практика модулі бойынша бағдарламалар* (оқу, педагогикалық, өндірістік және т.б.). Практика модулінде алынған теориялық білімдерді практика жүзінде бекіту болып табылады. Сондықтан білім алушының оқу, педагогикалық және өндірістік-дипломалды практикалардан өтуі шарт. **Қосымша 3.**

5.4 *Мамандықтың үлгілік оқу жоспары* (міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы

мен көлемін регламенттейтін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқу құжаты). **Қосымша 4.**

Үлгілік оқу жоспары - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

5.5 *Студенттің жеке оқу жоспарының үлгісі* (білім беру бағдарламасын игеру бойынша студенттің жұмыс бағдарламасы). **Қосымша 5.**

5.6 *Жұмыс оқу жоспарының үлгісі* **Қосымша 6.**

Оқу жұмыс жоспары - мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін оқу құжаты;

5.7 *Академиялық календарь.* **Қосымша 7.**

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

5.8 *Білім беру бағдарламасының мазмұны.* **Қосымша 8.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын кәсіптік құзіреттіліктер.

5.9 *Жиынтық кесте.* **Қосымша 9.**

Білім беру бағдарламасындағы модульдер кесіндісінде меңгерілген кредиттер көлемін бейнелейтін жиынтық кесте.

5.10 *Формуляр.* **Қосымша 10.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту нәтижелері көрсетілген.

5.11 *Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы.* **Қосымша 11.**

Пәндер бойынша Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері көрсетілген.

5.12 *Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер* **Қосымша 12.**

Білім беру бағдарламасының паспорты, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер.

6. Білім беру бағдарламасын қолдау

6.1. Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)

Интеллектуалды ресурстар - кафедрадағы оқытушы-профессор құрамының ғылыми дәрежелілігімен сипатталады.

Бүгінгі таңда мамандықтың кәсіби пәндерін оқытатын 6 профессор-оқытушы жұмыс істейді, соның ішінде 2 - ғылым докторы, профессор - 2, ғылым кандидаттары, доцент-1. Жалпы алғанда кафедрада ғылыми дәрежелілік 54 % пайызды құрайды.

Мамандыққа жалпы білім беру циклдері пәндерін оқытатын оқытушылар да бар.

Кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы жыл сайын біліктілігін көтереді. Біліктілігін көтергеннен растайтын құжат ретінде сертификаттың көшірмесін кафедраға өткізіп отырады. Кафедра оқытушылары марапаттаулар мен алғыс хаттарға ие. Сонымен қатар, кафедраның жетістіктері ретінде халықаралық түрлі марапаттауларға ие болған төмендегі профессорларды атап өтуге болады:

1. Э.ғ.д., профессор Куашбай С. «**За выдающийся вклад в развитие биологической науки, генетики, селекции и растениеводства**» деген Н.И. Вавилов атындағы белгімен марапатталды. Москва, 2013 жыл.

2. Э.ғ.к., доцент Абдикеримова Г.И. «**За инновационные разработки по оценке и паспортизации аридных пастбищ Казахстана**» атты алтын белгімен марапатталды. Москва, 2013 жыл.

3. Э.ғ.д., профессор Умбиталиев А.Д. Нобель сыйлығымен марапатталды. Российская академия естествознания, 2013 жыл.

6.2 Материалды ресурстар (материалды-техникалық база туралы)

Материалды-техникалық база - Экономика мамандығының спецификасына сәйкес жабдықталған. Оқу пәндеріне байланысты 2 оқу лаборатория, 1 ғылыми лаборатория және 5 оқу кабинеттері жабдықталған: интерактивті тақтасы бар 2 кабинет, 1 мультимедиалық кабинет бар.

Сонымен қатар, студенттерді іс-тәжірибеден өткізу үшін төмендегі базалық мекемелермен келісім-шарттар жасалған:

1. Шымкент университеті базасындағы зертхана;
- 2.
- 3.

Осы мекемелерде студенттер іс-тәжірибеден ғана емес, кейбір пәндерден зертханалық тәжірибеден өтеді.

6.3 Білім беру ресурстары (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)

Білім беру ресурстары - кітапхана қоры мен электронды оқулықтармен және кафедрада дайындалатын оқу-әдістемелік кешендермен, интернет желісімен сипатталады. университетте электронды оқу залдары ұйымдастырылған. Аталған оқу залында Республикалық кітапхана қорында бар барлық кітаптармен жұмыс жасай алады.

Сонымен қатар, студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту мақсатында шет елдік ұйымдармен халықаралық келісімшарттар жасалған.

1. Халықаралық ғылыми байланыстар:
2. Аахен университеті (Германия)
3. Меморандум о научном сотрудничестве г.Ирвайн, Калифорния, США.
4. И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бишкек.

7 5B050600 - Экономика мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттері бөлу нормасы және құрылымы

№	Қызмет түрлері	Кредиттер саны	Апта саны	Жалпы сағат саны
1	Теориялық оқыту (1:2), соның ішінде:	129	105	5805
	Міндетті пәндер компоненті	58		
	Таңдау пәндері компоненті	71		
2	Дене шынықтыру (4семестр) (2:0)	8	60	240
3	Қорытынды аттестация (1:6), соның ішінде:	3	6	315
	1) Мемлекеттік емтихан (1 МЕ үшін)	1	2	105
	2) Дипломдық жұмысты жазу және қорғау	2	4	210
	Жиыны:	140	111	6360
4	Практика (кәсіби), соның ішінде:	6	5-11	150-330
	1) оқу (1:0)	2	1	30
	2) өндірістік (1:2)	4	5	150
	3) дипломалды (1:2)	4	5	150
5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Емтихан сессиясы (7x3 апта.)	-	21	-
	БАРЛЫҒЫ: (52 апта x 4 жыл - 8 апта=200)	146	200	6510-6690

Ескертпе:

1. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент теориялық оқудың кемінде 129 кредитін және кәсіби іс-тәжірибенің кемінде 6 кредитін игеруі тиіс (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

2. Мамандық бойынша 1 мемлекеттік емтиханға 1 кредит, дипломдық жұмысты жазуға және қорғауға 2 кредит жоспарланады (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

3. Практикаға бөлінетін кредиттер саны 6-дан кем болмауы тиіс. Оқу практикасы 2 кредит көлемінде, ал өндірістік практика мен дипломалды практиканың жалпы көлемі кемінде 4 кредит көлемінде жоспарланады.

4. Қорытынды аттестаттаудың жалпы көлемі (сағатпен) және дене шынықтыру сабақтары студенттің апталық жүктемесіне енбейді.

5. Қызмет түрлері бойынша апта сандары өзгеруі мүмкін, бірақ студенттің орташа апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда).

6. Демалыс ұзақтығы бітіруші курсты қоспағанда, оқу жылы бойында 7 аптадан кем болмауы керек. Оқу жылындағы 7 аптадан артық демалыс уақытын ЖОО өздігінен қызметтің басқа түрлеріне қайта бөле алады.

7. Жазғы семестр демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарлануы мүмкін.

8. Мамандықтың ҮОЖ-ында көрсетілмеген жағдайда дипломалды іс-тәжірибені ЖОО өздігінен демалыс есебінен жоспарлауы мүмкін.

8 Білім беру бағдарламасын модернизациялау

Білім беру бағдарламасын оқытудың соңғы нәтижесін талдауды есепке ала отырып, модернизациялау (жаңашаландыру)

Оқыту нәтижесіне және жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұранысына байланысты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру тиімділігі мен тұрақтылығының әлеуетті жыл сайын өзгертілуі мүмкін.